

## Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 мамырда № 11127 тіркелді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2026 № 151 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 38) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

А.Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев  
2015 жылғы 15 сәуір  
"КЕЛІСІЛГЕН"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
\_\_\_\_\_ Е. Досаев  
2015 жылғы 22 сәуір

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 7-1/68 бұйрығымен  
бекітілген

## **Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2026 № 151 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 38) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру тәртібін, сондай-ақ "Ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1-1. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор (бұдан әрі – дерекқор) – диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті

атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын және ветеринария саласындағы уәкілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алудың бөлігі;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспорт бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын жануарларды есепке алу рәсімі;

3) ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерінің эмиссиясы (бұдан әрі – жеке нөмірлер эмиссиясы) – ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерінің дәйекті нөмірленуін айқындау жөніндегі іс-шаралар жиынтығы және оларды республиканың әкімшілік-аумақтық бірліктері бойынша бөлу;

4) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын сырғалар (аспалы, радиожиілік таңбасы бар), болюстер, чиптер және басқа да бұйымдар (құралдар);

5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған атрибуттар – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын құрал-саймандар мен аспаптар;

6) процессингтік орталық – функцияларын Заңға сәйкес жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымның құрылымдық бөлімшесі;

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**7) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2026 № 151 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

**Ескерту. Қағидалар 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тәсілмен бірдейлендіруге Қазақстан Республикасының аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарлары жатады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірілмей бірдейлендіріледі:

бұзаулар, қозылар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;  
құлындар – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде);

тақ тұяқты жануарлардың төлі (есектер, қашырлар, пони, зебра, құлан және басқа жануарлар) – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде);

асыл тұқымды торайлар, әрі қарай өсіруге және өсімін молайтуға арналған торайлар және халықтың шаруашылықтарында күтіп-бағылатын торайлар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін бордақылауға арналған торайлар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

тоғыз айлық жасқа дейін сойылмаған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған торайлар – тоғыз айлық жасқа толған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Тоғыз айлық жасқа дейінгі жылқылар, тақ тұяқты жануарлар мен торайларды қоспағанда, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін бордақылауға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірі он екі символдан тұрады, олардың мынадай белгілері бар:

бірінші екі символ – ISO – Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әрпі);

үшінші символ – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың литерлік коды (латын бас әрпі);

төртінші символ – ауыл шаруашылығы жануары түрінің сандық коды;

бесінші мен он екінші аралығындағы символдар – ауыл шаруашылығы жануарының реттік нөмірі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Жылқының және тақ тұяқты жануарлардың жеке нөмірі он символдан тұрады, олардың мынадай белгілері бар:

бірінші екі символ – ISO–Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның кодына сәйкес Қазақстан Республикасының литерлік коды (екі латын бас әрпі);

үшінші символ – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың литерлік коды (латын бас әрпі);

төртінші символ – жылқының сандық коды (4), тақ тұяқты жануарлардың сандық коды (6);

бесінші мен оныншы аралығындағы символдар – жылқының, тақ тұяқты жануарлардың реттік нөмірі.

Құлындарға және тақ тұяқты жануарлар төлдеріне төрт айлық жасына жетуі бойынша таңбалау әдісімен кейіннен бірдейлендіру жүргізілген жағдайында туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің деректер базасында жылқылар мен тақ тұяқты жануарлардың (енесі жағынан ата-енесінің) жеке нөмірінен және жылқылардың және тақ тұяқты жануарлардың (енесі жағынан ата-енесінің) құлындаған құлындардың және тақ тұяқты жануарлар төлдерінің реттік нөмірінен тұратын уақытша бірдейлендіру нөмірі беріледі. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің деректер базасында құлындардың және тақ тұяқты жануарлар төлдерінің уақытша жеке нөмірі жануарлар иелеріне ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің деректер базасынан үзінді-көшірме бере отырып слеш (KZF4000155/1) арқылы көрсетіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіліп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін бордақылауға арналған тоғыз айлық жасқа дейінгі торайлардың жеке нөмірі осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес шошқаның (енесі жағынан ата-енесінің) жеке нөмірінен және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы, шаруа және фермерлік қожалықтардағы мал бастарының ішкі шаруашылық есебіне сәйкес шошқалардың (енесі жағынан ата-енесінің) торайлауында торайдың реттік нөмірінен тұрады.

5-1. Бірдейлендіруге жататын ауыл шаруашылығы жануарлар басының саны осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірі символдарының санынан асқан жағдайда, осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірі символдарының санын ауыл шаруашылығы жануарларының реттік нөмірін бір символға ұлғайту жолымен ұлғайтуға жол беріледі.

**Ескерту. Қағидалар 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Ауыл шаруашылығы жануарларына жеке нөмірлерді беру әр облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана үшін процессингтік орталық жеке өткізетін жеке нөмірлердің эмиссиясына сәйкес кезектілікпен жүзеге асырылады. Жеке нөмірлердің эмиссиясы тоғыз айлық жасқа дейін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін бордақылауға арналған торайларға, төрт айлық жасқа жеткенде таңбалау әдісімен кейіннен бірдейлендіру жағдайында құлындар және тақ тұяқты жануарлардың төлдері үшін жүргізілмейді.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін бекітіліп берілген Қазақстан Республикасының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың литерлік және сандық кодтары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларына арналған сандық кодтар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес беріледі.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру рәсіміне мыналар кіреді:

1) осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген тәсілдердің бірімен ауыл шаруашылығы жануарларына жеке нөмір беру;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6321 болып тіркелген) Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидаларына сәйкес мәліметтерді дерекқорға енгізу;

3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорт беру.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Жеке нөмірді беру ауыл шаруашылығы жануарларының түріне қарай келесі тәсілдердің бірімен жүргізіледі:

1) сырғалау (ірі қара мал, ұсақ мал, түйелер, маралдар, шошқалар және тоғыз айлық жасқа дейін сойылмаған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын, өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған торайлар үшін);

2) таңба басу (төрт айлық жасқа толғаннан бастап) немесе чип салу (туғаннан бастап жеті күн өткеннен кейін) (жылқылар және тақ тұяқты жануарлар үшін);

3) татуировка (ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін кейіннен сою үшін бордақылауға арналған торайлар үшін);

4) электрондық бірдейлендіру тәсілі (маралдар және ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар бизондар).

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері үшін қосымша мынадай тәсілдермен жеке нөмір беруге жол беріледі:

электрондық бірдейлендіру тәсілі (ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін пайдаланылатын радиожилікті белгісі бар сырғалар, болюстер, чиптер және басқа бұйымдар (құралдар);

татуировка;

таңба басу.

Бұл ретте, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда ауыл шаруашылығы жануарларына осы тармақта көрсетілген тәсілдермен жеке нөмір беру:

жануарлар бастарын ішкі шаруашылық есепке алуды жүргізу үшін;

осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген тәсілдермен жеке нөмір берілгенге дейін, ауыл шаруашылығы жануарларына уақытша жеке нөмір беру үшін жүргізіледі.

Ауыл шаршылығы жануарларына уақытша жеке нөмір беру осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес жүргізілген жеке нөмірлердің эмиссиясына сәйкес кезектілікпен жүзеге асырылады.

Үшінші елдерге немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге әкетуге арналған жануарларды (ірі қара малды, ұсақ малды, шошқаларды, түйелерді) карантиндеу кезеңінде қосымша электрондық бірдейлендіру тәсілімен (радиожилікті белгісі бар сырғалар), жеке нөмір беру жүзеге асырылады.

Осы тармақта көрсетілген тәсілдермен ауыл шаруашылығы жануарларына жеке нөмір беруді жануарлардың иесі жүзеге асырады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 25.09.2025 № 330 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Сырғалау ауыл шаруашылығы жануарының құлағының ортасына аспалы сырғалықты көктамырларға тигізбей бекіту жолымен жүзеге асырылады.

Аспалы сырғаның алдыңғы бөлігі ауыл шаруашылығы жануарының құлағының ішкі жағына бекітіледі.

Ірі қара және ұсақ мал, түйелер мен шошқалардың оң құлақтарына бір аспалы сырғадан бекітіледі. Осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес ірі қара және ұсақ малды, түйелерді және шошқаларды бірдейлендіру үшін радиожилік белгісі бар сырғаны пайдалануға жол беріледі, ол ауыл шаруашылығы жануарының сол құлағына бекітіледі.

Сырғалар ауыл шаруашылығы жануарынан өмір бойы алынбайды.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Таңба басу ыстық немесе суық тәсілдермен жүзеге асырылады. Жылқыны және тақ тұяқты жануарларды қоспағанда, ауыл шаруашылығы жануарларына таңба дененің сол жағына жамбас аумағына салынады.

Жылқыларға және тақ тұяқты жануарларға таңба денесінің сол жағына жауырын (клеймо) және жамбас аумағына (реттік нөмір) немесе тек жамбас аумағына (клеймо және реттік нөмір) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес салынады.

Таңба ең көбі алты символдан тұрады:

бірінші және екінші символдар (міндетті емес), ауыл шаруашылығы жануары иесінің клеймосы. Клеймо бір немесе екі латын немесе араб бас әрпі (тері) және/немесе сан(дар), геометриялық фигура(лар) болып табылады. Клеймо бір әріп немесе сан немесе фигурадан құралған жағдайда, таңба төрт символдан құралады. Клеймо ауыл шаруашылығы жануары иесінің қалауы бойынша салынады;

үшінші және төртінші символдар (міндетті) осы Қағидалардың 3, 4 және 5-тармақтарына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарының реттік нөмірінің алғашқы сандарының (соңғы екі санды қоспағанда) жиыны. Жылқыда және тақ тұяқты жануарларда бұл біріншіден төртіншіге дейінгі реттік нөмір сандарының жиыны, ауыл шаруашылығы жануарларының басқа түрлерінде біріншіден алтыншыға дейінгі реттік нөмір сандарының жиыны. Егер жануардың реттік нөмірінің алғашқы сандарының жиынтығында жиынтық бір символды құраса, онда таңбаға бір символ салынады. Егер символда нөл бар болса, онда ол таңбаға салынбайды;

бесінші және алтыншы символдар (міндетті), осы Қағидалардың 3, 4 және 5-тармақтарына сәйкес берілген жануардың реттік нөмірінің соңғы екі саны. Жылқыларда және тақ тұяқты жануарларда бұл реттік нөмірдің бесінші және алтыншы сандары, ауыл шаруашылығы жануарларының басқа түрлерінде реттік нөмірдің жетінші және сегізінші сандары.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің электрондық тәсілі (радио жиілікті белгісі бар сырғалар, болюстер, чиптер және бұйымдар (кұралдар) ауыл

шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану (қолдану) жөніндегі тиісті нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің электрондық тәсілін жүргізуге арналған бұйымның (құралдың) нөмірі ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірімен сәйкес келуі міндетті емес, бірақ қосымша ветеринариялық паспортта көрсетіліп, дерек қорға енгізілуі керек.

13. Осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жануарларға татуировканы осы Қағиданың 3-тармағына сәйкес құлақ қалқанында еркін символдар жинағымен жасайды. Татуировканы құлақтың сыртының төменгі жағына салады.

14. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіліп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін бордақылауға арналған тоғыз айлық жасқа дейінгі торайларға арналған татуировка ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы, фермерлік және шаруа қожалықтарындағы мал басын ішкі шаруашылық тіркеуге сәйкес шошқаның (енесі жағынан ата-енесі) торайлануындағы реттік нөмірден тұрады.

15. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) осы Қағидаға 4-қосымшада көрсетілген нысанға, мөлшерге, сипаттамаларға сәйкес келеді.

16. Бірдейлендірілген ауыл шаруашылығы жануарларының бір әкімшілік-аумақтық бірлік аумағынан басқа әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына орнын ауыстырған кезде, ветеринариялық паспортқа және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру туралы дерек қорға ауыл шаруашылығы жануарларының орнын ауыстыру туралы мәліметті енгізе отырып берілген жеке нөмірлері сақталады.

17. Шыққан елінде бірдейлендірілген импортталған ауыл шаруашылығы жануарлары бұрын берілген жеке нөмірін сақтап қалады. Карантиндеуден кейін импортталған жануарлар туралы деректер осы Қағидамен бекітілген тәртіппен ветеринариялық паспортты бере отырып, дерек қорға енгізіледі.

18. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **2-тарау. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған ветеринариялық ұйым (бұдан әрі – ветеринариялық ұйым)

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілікті айқындайды және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органына (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган):

1) ағымдағы жылғы 1 ақпанға дейін – ағымдағы жылға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілік бойынша;

2) ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін – келесі жылға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілік бойынша;

3) осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген жағдайлардың туындауына қарай ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттіліктің туындауына қарай ақпарат береді.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес алынған ақпарат негізінде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілік туралы ақпаратты айқындайды және процессингтік орталыққа:

1) ағымдағы жылғы 15 ақпанға дейін – ағымдағы жылға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілік бойынша;

2) ағымдағы жылғы 15 наурызға дейін – келесі жылға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттілік бойынша;

3) осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген жағдайлардың туындауына қарай ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарға (құралдарға) және атрибуттарға қажеттіліктің туындауына қарай ақпарат береді.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Процессингтік орталық осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес алынған ақпарат негізінде жеке нөмірлердің эмиссиясын жүргізеді және оның нәтижелерін жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізеді.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 22. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттардың сатып алынуына және процессингтік орталықтан жүргізілген жеке нөмірлердің эмиссиясы нәтижелерінің алынуына қарай ветеринариялық ұйымдарға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды, жылқылар мен тақ тұяқты жануарлардың жеке нөмірлер эмиссиясының қажеттілігіне сәйкес олардың жеке нөмірлерін бөледі;

2) жүргізу мерзімін анықтай отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді ұйымдастырады;

3) тұрақты негізде дерекқорды жүргізуді ұйымдастырады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 23. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттардың сатып алынуына және процессингтік орталықтан жүргізілген жеке нөмірлердің эмиссиясы нәтижелерінің алынуына қарай ветеринариялық ұйымға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды, жылқылар мен тақ тұяқты жануарлардың жеке нөмірлер эмиссиясының қажеттілігіне сәйкес олардың жеке нөмірлерін береді;

2) жүргізу мерзімін анықтай отырып, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді ұйымдастырады;

3) тұрақты негізде дерекқорды жүргізуді ұйымдастырады.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**24. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## 25. Ветеринариялық ұйым:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу уақыты мен орнын айқындайды;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізеді;

3) жануарға осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген сәйкестендіру тәсілдерімен жеке нөмір береді;

4) дерекқорды жүргізуді жүзеге асырады (дерекқорға деректерді енгізу);

5) жануар иесіне осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес ветеринариялық паспорт береді.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Ветеринариялық мекеме осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген тәсілдермен бірдейлендіру жүргізу барысында осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомость (бұдан әрі – ведомость) ресімдейді.

27. Ветеринариялық ұйымға ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, шаруа және фермерлік қожалықтардың ауыл шаруашылығы жануарларына жеке нөмір беруге жол беріледі:

ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің сырғалау рәсімін жүргізу үшін еркін нысанда қабылдау-беру актісін ресімдей отырып кейіннен аспалы сырғаларды (осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес ірі және ұсақ жануарларға жеке нөмір салынған) беру арқылы;

ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, шаруа, фермерлік қожалықтардың ветеринариялық дәрігерлерінің чип салу және таңба басу рәсімдерін жүргізуі үшін жеке нөмірді беру арқылы.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, фермерлік, шаруа қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлерінің бірдейлендіру рәсімдерін жүргізу қорытындысы бойынша күнтізбелік он күн ішінде ведомость ресімделеді және ветеринариялық ұйымға беріледі.

**28. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

29. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) бүлінген немесе жоғалған кезде (ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірін айқындау мүмкін болмаған жағдайда) жануар иесі басқа ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін ветеринариялық паспорттармен және дерекқормен салыстырып тексергенге дейін жануарды оқшаулайды.

Егер ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) бірнеше ауыл шаруашылығы жануарларынан жоғалған жағдайда,

ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін анықтау ветеринариялық паспортта (ауыл шаруашылығы жануарының жынысы, түсі, қосымша белгілері) көрсетілетін қосымша деректер бойынша жүргізіледі.

Көрсетілген жағдайларда ауыл шаруашылығы жануарларының иесі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринариялық ұйымына жүгінеді. Ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірлерін белгілеу ауыл шаруашылығы жануарларының иесі өтініш берген күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көрсетілген себептер бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын қайта бірдейлендіру жануар иесі өтініш берген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімде ауыл шаруашылығы жануарына жаңа жеке нөмір бере отырып, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарына жаңа жеке нөмір беру кезінде дерекқорда және ветеринариялық паспортта ауыл шаруашылығы жануарын қайта бірдейлендіру себептерін көрсете отырып және осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген шараларды қабылдай отырып, ауыл шаруашылығы жануарының алдыңғы жеке нөміріне байланыстыра отырып, тиісті ақпарат (қайта бірдейлендірілді) көрсетіледі.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

30. Жеке тұлғаларға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіру осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарының жасына жеткенге дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, шаруа және фермер шаруашылықтарына тиесілі ауыл шаруашылығы жануарларының төлдерін бірдейлендіру облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын тиісті бөлімшесіне (бұдан әрі – ЖАО бөлімшесі) және ветеринариялық ұйымға басшы ұсынған алдағы бұзаулау (төлдеу, торайлау) графигіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ауыл шаруашылығы жануарының төлін бірдейлендіру кезінде ол туралы мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомосте көрсетілген енесінің жеке нөмірі көрсетіле отырып, дерекқорға және ветеринариялық паспортқа енгізіледі.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.05.2025 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**30-1. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.05.2025 № 146 (**

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **3 тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

31-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2026 № 151 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Мемлекеттік қызметті ветеринариялық ұйымдар көрсетеді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ветеринариялық ұйымға не портал арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынады.

"Ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 6-1-қосымшада жазылған.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметін бастау туралы мәліметтерді ветеринариялық ұйым "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік жүйелерден алады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы порталда өтініштің электрондық нысанын толтырады. Көрсетілетін қызметті алушы дерекқорға сұрау салу арқылы ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірі, жынысы, түсі, аты, бірдейлендіру тәсілі туралы мәліметтерді дерекқордан алады. Сұрау келіп түскеннен кейін дерекқор көрсетілетін қызметті алушының дерекқорында тіркелген ауыл шаруашылығы жануарларының тізімін автоматты түрде өңдейді және қалыптастырады. Көрсетілетін қызметті алушы ауыл шаруашылығы жануарларының қалыптастырылған тізімінен ветеринариялық паспорт алу үшін ауыл шаруашылығы жануар(лар)ын таңдайды. Көрсетілетін қызметті алушы өтініштің электрондық нысанын толтырғаннан кейін өтінішке ЭЦҚ арқылы қол қояды және ветеринариялық паспортты алу үшін портал арқылы ветеринариялық ұйымға жібереді.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбеде көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, ветеринариялық ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31-1. Ветеринариялық ұйымның жұмыскері келіп түскен күні өтінішті тіркеуді жүзеге асырады және оны ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкерін тағайындайтын ветеринариялық ұйымның басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ветеринариялық ұйымда қағаз жеткізгіштегі өтініштің көшірмесіндегі күні мен уақыты көрсетілген тіркеу туралы белгі оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

**Ескерту. Қағидалар 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31-2. Ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері өтінішті тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оның толықтығын және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді, сондай-ақ дерекқордағы ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы толық емес мәліметтерді көрсете отырып не Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша өтініш ұсынған жағдайда, ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері осы Қағидаларға 6-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды рәсімдейді және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

**Ескерту. Қағидалар 31-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

31-3. Көрсетілетін қызметті алушы толық мәліметтерді көрсете отырып өтініш берген жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер болмаған кезде ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспортты ресімдейді.

Ветеринариялық паспортты және ондағы мәліметтерді ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері дерекқорда электрондық түрде қалыптастырады және ветеринариялық ұйымның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген жағдайда, ветеринариялық паспорт дерекқордан басып шығарылады және көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ветеринариялық паспорт немесе ветеринариялық ұйымның уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту жіберіледі.

**Ескерту. Қағидалар 31-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық паспорт жеке беріледі. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша ветеринариялық паспортты ұсақ мал мен шошқалар тобына (отарына) беруге жол беріледі.

Ветеринариялық паспорттың нөмірі осы Қағидалардың 3, 4, 5 және 5-1-тармақтарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөміріне сәйкес келеді.

Ұсақ мал мен шошқалар тобына (отарына) ветеринариялық паспорт беру кезінде ветеринариялық паспорттың нөмірінде осы Қағидалардың 3 және 5-тармақтарында көрсетілген ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті түрінің жеке нөмірінің алғашқы төрт символы және топтағы (отардағы) ауыл шаруашылығы жануарларының саны көрсетіледі. Ветеринариялық паспортқа әрбір ауыл шаруашылығы жануарлары тобының (отарының) жеке нөмірлері енгізіледі.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**33. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Ауыл шаруашылығы жануарына жүргізілген ветеринариялық дауалау және диагностикалық зерттеулер туралы мәліметтер және ауыл шаруашылығы жануары туралы басқа да мәліметтер (ауыл шаруашылығы жануарының жынысы, түсі, жасы, қосымша белгілері) дерекқорға енгізіледі.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Ветеринариялық паспорт деректерін кейіннен жаңарту ветеринариялық іс-шараларды жүргізу, иесін ауыстыру, ауыл шаруашылығы жануарын бір

әкімшілік-аумақтық бірліктен екінші әкімшілік-аумақтық бірлік аумағына орнын ауыстырған және басқа жағдайларда жүзеге асырылады.

36. Ауыл шаруашылығы жануарлары шығарылған кезде ветеринариялық паспорт ауыл шаруашылығы жануарының жаңа иесіне беріледі. Ауыл шаруашылығы жануары межелі пунктке келгеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарының бар жеке нөмірі өзгертілмей, ветеринариялық паспорт ресімделеді.

Ұсақ мал мен шошқа тобының (отарының) бір бөлігі шығарылған кезде ұсақ мал мен шошқа тобына (отарына) қағаз нысанда ресімделген ветеринариялық паспорт болған жағдайда, жаңа иесіне ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беріледі. Ұсақ мал мен шошқа межелі пунктке келгеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарының бар жеке нөмірі өзгертілмей, ветеринариялық паспорт ресімделеді.

Тиісті мәліметтер дерекқорға енгізіледі.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңында (сою бойынша алаң), сою пунктінде және етті қайта өндіру кәсіпорнында сойғаннан кейін сою алаңының (сою бойынша алаң), сою пунктері мен етті өңдеу кәсіпорындарының ветеринариялық дәрігерлері, ветеринариялық паспорттар мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары құрған ветеринариялық ұйымдарға тізімдеме бойынша береді, ал жеке тұтынуға арналған ауыл шаруашылығы жануарларын сойған кезде – иелері тапсырады.

**Ескерту. 37-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтін өзгермейді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Жануар өлген жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде ветеринариялық паспорттарды және ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіруге арналған бұйымдарды (құралдарды) жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне тиісті ақпаратты жолдай отырып, ветеринариялық ұйымдар жояды.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

39. Қағаз нысанда ресімделген ветеринариялық паспорт жоғалған немесе бүлінген кезде осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ветеринариялық паспорт беріледі. Қағаз

нысанда ресімделген жоғалған, бүлінген ветеринариялық паспорттар ауыл шаруашылығы жануарларының иелері осы Қағидалар 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берген күннен бастап жарамсыз деп есептеледі.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

39-1. Берілген ветеринариялық паспортта көрсетілген деректер (мәліметтер) өзгерген кезде көрсетілетін қызметті алушының өтініші негізінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа ветеринариялық паспорт беріледі.

**Ескерту. 3-тарау 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Ұсақ мал (отарына), шошқа тобына ресімделген ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу қажет болған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық ұйымға не портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады.

Ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері отыз минут ішінде өтінішті қарайды және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірмені не осы Қағидаларға 6-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды береді.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.05.2023 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. Қағидалар 40-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**40-2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2026 № 151 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40-2. Ветеринариялық ұйым Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Министрлік осы Қағидаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық акті бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" көрсетілетін қызмет берушіге, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

**Ескерту. Қағидалар 40-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**4-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша ветеринариялық ұйымдардың және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

**Ескерту. Қағидалар 4-тараумен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. Ветеринариялық ұйымның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым ветеринариялық ұйымның, жергілікті атқарушы орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабы 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, ветеринариялық ұйым оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді. Ветеринариялық ұйым шағымды қарайтын органға шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы акт қабылданған, әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда шағымды жібермейді.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

42. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

ветеринариялық ұйым, жергілікті атқарушы орган – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

43. Ветеринариялық ұйымның, жергілікті атқарушы органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

44. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК-нің 91-бабы 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
қағидаларына  
I-қосымша

Нысан

**Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған Қазақстан Республикасының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың литерлік және сандық кодтары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларына арналған сандық кодтар**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Р/с №	Литерлік код	Штрих-кодқа арналған сандық код	Атауы
1.	KZ	398	Қазақстан Республикасы
2.	C	01	Ақмола облысы
3.	B	02	Алматы облысы
4.	D	03	Ақтөбе облысы
5.	E	04	Атырау облысы
6.	F	05	Шығыс Қазақстан облысы

7.	H	06	Жамбыл облысы
8.	L	07	Батыс Қазақстан облысы
9.	P	08	Қостанай облысы
10.	M	09	Қарағанды облысы
11.	N	10	Қызылорда облысы
12.	R	11	Маңғыстау облысы
13.	S	12	Павлодар облысы
14.	T	13	Солтүстік Қазақстан облысы
15.	X	14	Түркістан облысы
16.	Q	18	Абай облысы
17.	J	19	Жетісу облысы
18.	U	20	Ұлытау облысы
19.	A	15	Алматы қаласы
20.	Z	16	Астана қаласы
21.	Y	17	Шымкент қаласы

Ауыл шаруашылығы жануарларына арналған сандық кодтар:

1 – ірі қара мал

2 – ұсақ мал

3 – шошқалар

4 – жылқылар

5 – түйелер

6 – тақ тұяқты жануарлар

7 – маралдар

8 – ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар бизондар

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2026 № 151 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

## **Ветеринариялық паспорт Ветеринарный паспорт**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.05.2025 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Берді/Выдан

(облыстың, республикалық  
маңызы бар қаланың, астананың



яйственно Г О животного					животного )**	номер матери
-------------------------------	--	--	--	--	------------------	-----------------

Берілген күні 20 \_\_ жылғы \_\_ \_\_\_\_\_ /Дата выдачи \_\_ \_\_\_\_ 20 \_\_ года

Электрондық құжаттың түпнұсқалығын Сіз egov.kz сайтында, сондай-ақ " электрондық үкімет" веб-порталының мобильді қосымшасы арқылы тексере аласыз.

Проверить подлинность электронного документа Вы можете на сайте egov.kz, а также посредством мобильного приложения веб-портала "электронного правительства"



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 Закона от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Бұл құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 Закона Республики Казахстан "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Ескертпе/ Примечание:

\* ветеринариялық паспорттың нөмірі ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөміріне сәйкес келеді. Ұсақ мал, шошқа тобына (отарына) ветеринариялық паспорт беру кезінде ветеринариялық паспорттың нөмірінде ауыл шаруашылығы жануарының тиісті түрінің жеке нөмірінің алғашқы төрт символы көрсетіледі/Номер ветеринарного паспорта соответствует индивидуальному номеру сельскохозяйственного животного. При выдаче ветеринарного паспорта на группу (отару) мелкого рогатого скота, свиней в номере ветеринарного паспорта указываются первые четыре символа индивидуального номера соответствующего вида сельскохозяйственного животного;

\*\* асыл тұқымды жануардың жеке нөмірі/индивидуальный номер племенного животного.

Ауыл шаруашылығы жануарларын  
бірдейлендіру қағидаларына  
3-қосымша




Талдануы

Таңба ең көбі алты символдан тұрады

Мысалы:

Жануардың жеке нөмірі

KZC4111111



4 1 1

в–бірінші және екінші символдар (міндітті емес) – жануар иесінің  
клеймосы;

1111 = 4 – жануардың реттік нөмірінің алғашқы сандары сомасы (соңғы екі санды қоспанда);


11 – жануардың реттік санының соңғы екі саны.

Таңба: в 411

Келесі мысалдар:

Жануардың жеке нөмірі

KZC4999910



36 10

в - бірінші және екінші символдар (міндетті емес), ауыл шаруашылығы жануары иесінің таңбасы;

9999 = 36 – жануардың реттік нөмірінің алғашқы сандары сомасы (соңғы екі санды қоспанда);

10 – жануардың реттік санының соңғы екі саны.

Таңба: в 3610

Жануардың жеке нөмірі KZC4000010  0 10 Таңба: в 10 Жануардың жеке нөмірі KZC4100000  1 00 Таңба: в 100	Жануардың жеке нөмірі KZC4000101  1 01 Таңба: в 101 Жануардың жеке нөмірі KZC4000100  1 00 Таңба: в 100	Жануардың жеке нөмірі KZC4000200  2 00 Таңба: в 200 Жануардың жеке нөмірі KZC4100200  3 00 Таңба: в 300
Жануардың жеке нөмірі KZC4000100  1 00 Таңба: в 100	Жануардың жеке нөмірі KZC4100100  2 00 Таңба: в 200	Жануардың жеке нөмірі KZC4999999  36 99 Таңба: в 3699

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
қағидаларына 3-1-қосымша

Ескерту. Қағида 3-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.01.2019 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін бордақылауға арналған тоғыз айлық жасқа дейінгі торайлардың бірдейлендіру нөмірі:

Мысалы:

Жануардың жеке нөмірі:

KZC3000000012 / 17 / 12

мұнда:

KZC3000000012 – торайдың енесінің бірдейлендіру нөмірі;

17 – торайдың туған жылының соңғы екі саны;

12 – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы, шаруа және фермерлік қожалықтардағы мал бастарын шаруашылық ішіндегі есепке алуға сәйкес торайдың реттік нөмірі.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, кейіннен сою үшін бордақылауға арналған тоғыз айлық жасқа дейінгі торайлардың татуировкасы:

17/12

мұнда:

17 – торайдың туған жылының соңғы екі саны;


12 – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы, шаруа және фермерлік қожалықтардағы мал бастарын шаруашылық ішіндегі есепке алуға сәйкес торайдың реттік нөмірі.

Ауыл шаруашылығы жануарларын  
бірдейлендіру қағидаларына  
4-қосымша

**Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардың ( құралдардың) нысандары, мөлшерлері және сипаттамасы**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 22.04.2016 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.


**1. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған сырғалардың нысандары мен мөлшері**



Бет жағы

Сырт жағы

Ірі жануарларға (ірі қара мал, түйе)



Бет жағы

Сырт жағы

Ұсақ жануарларға (ұсақ мал, шошқа)

Беткі бөлігі Артқы бөлігі  
Сыртқы жағы Сыртқы жағы

Беткі бөлігі Артқы бөлігі Сыртқы жағы Сыртқы  
жағы

1-сурет. Ірі жануарларға (ірі қара мал, түйе)  
арналған құлаққа ілетін аспалы сырға

2-сурет. Ұсақ жануарларға (ұсақ мал, шошқа)  
арналған құлаққа ілетін аспалы сырға

## **2. Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдардың (құралдардың) сипаттамасы**

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) сертификатталған өнімі Жануарлар туралы жазбалар жүргізу жөніндегі халықаралық комитеттің (ICAR) интернет ресурсында көрсетілген өндірушілер дайындайды:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған сатып алынатын бұйымдар (құралдар) үлгілері – ірі жануарларға (ірі қара мал, түйелер) және ұсақ жануарларға (ұсақ қара мал, шошқалар) арналған аспалы сырғалар [www.icar.org](http://www.icar.org) сайтында жануарлардың тиісті түрлері үшін ICAR сертификатталған машина оқитын аспалы сырғалардың кестесінде жарияланады;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) үлгілері – радио жиілікті белгісі бар сырғалар, чиптер, болюстар [www.icar.org](http://www.icar.org) сайтында ISO 11784 және ISO 11785 стандарттарына сәйкестігіне сертификатталған ICAR құрылғыларының RFID кестесінде жарияланады.

Ірі және ұсақ ауыл шаруашылығы жануарларының құлағына ілінетін аспалы сырғалар мына сипаттамаларға ие:

аспалы сырғаның конструкциясы жануарлардың құлағына бекіткеннен кейін, оған зиян келтірмейді;

оларды қайта қолдануға болмайды;

сырғаның артқы бөлігінің ішкі жағында қатты сақина тәріздес кертіктің ұшы және сырғаның беткі бөлігінің ішкі жағында құлақ сырғасын шешкен кезде оның бұзылуын қамтамасыз ететін тығыздағыш сақина болады;

полимерлі материалдан жасалған және сыртқы әсерлерге төзімді;

өшпейтін жазулары бар және жануардың бүкіл өмірі бойы оқылады;

сары түсті.

Ірі және ұсақ ауыл шаруашылығы жануарларының құлағына ілінетін аспалы сырғаларға мыналар жазылады:

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 3, 4-тармақтарына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының жеке нөмірі аспалы сырғаның беткі бөлігінің сыртқы жағында, ауыл шаруашылығы жануарларының реттік нөмірі артқы бөліктің ішкі жағында;



Р/с №	жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның атауы	Иесінің мекен-жайы	ді жүзеге асыратын өндіріс объектісінің есептік нөмірі	Бірдейлендіру жүргізілген күн	Жеке нөмірі	Енесінің жеке нөмірі	Бірдейлендіру әдісі	Түрі	Жынысы	Тұқымы	Түсі	Аты	Жасы (туған күні)	Алдыңғы бірдейлендіру нөмірі	Қайталап бірдейлендіру себебі

Ведомость жасалған күн 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Ветеринариялық дәрігер \_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

Мөрдiң орны

Ауыл шаруашылығы жануарларын  
бірдейлендіру қағидаларына  
5-1-қосымша

Нысан

### Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің жүргізілмеу себептерін белгілеу туралы акт

**Ескерту. 5-1-қосымша алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 05.05.2025 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ауыл шаруашылығы жануарларын  
бірдейлендіру қағидаларына  
6-қосымша

Нысан

Кімге \_\_\_\_\_

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құрған ветеринариялық ұйымның атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, жеке сәйкестендіру

нөмірі/заңды тұлғаның атауы,  
бизнес- сәйкестендіру нөмірі)  
Мекенжайы \_\_\_\_\_

## Өтініш

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_ байланысты ветеринариялық паспорт беруіңізді сұраймын. ( ауыл шаруашылығы

жануарларын бірдейлендіруді жүргізу нәтижелері немесе ветеринариялық паспорттың жоғалғаны

немесе бүлінгені немесе берілген ветеринариялық паспортта көрсетілген деректердің (мәліметтердің)

өзгергені бойынша көрсету)

Ауыл шаруашылығы жануарының түрі \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы жануар(лар)ының жеке нөмір(лер)і \_\_\_\_\_

Ветеринариялық паспортты беру тәсілі \_\_\_\_\_

(ұсақ жануарлар үшін – жануарға жеке немесе жануарлар тобына (отарына) жеке көрсету)

Байланыс телефондары \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы (болған жағдайда)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын, заңмен

қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға,

өңдеуге келісім беремін.

Көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Күні \_\_\_\_\_

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**6-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2026 № 151 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
қағидаларына  
6-1-қосымша

**"Ветеринариялық паспорт беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

**Ескерту. Қағидалар 6-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.05.2023 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті беру тәсілдері	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) ветеринариялық паспорт бергенде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде; 2) ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме бергенде – 30 (отыз) минут ішінде.

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Ветеринариялық паспорт, ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту беру.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс құжаттарды қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді жұмыс уақытының графигіне сәйкес белгілейді;</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>

		<p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған.</p>
8	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) нысан бойынша өтініш;</li> <li>2) жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);</li> </ol> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпиясөзді беру жолымен немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.</p> <p>порталға:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.</li> </ol> <p>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық</p>

		<p>жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.</p>
<p>9</p>	<p>Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық паспорт алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ветеринариялық паспорт алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p>
		<p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік құпиясөзді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.</p>

10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысан арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметінің байланыс телефондары : 8 (7172) 701 998, мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.
----	--	--

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
қағидаларына  
6-2-қосымша  
Нысан

### Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту

**Ескерту. Қағидалар 6-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.12.2020 № 412 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

\_\_\_\_\_ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құрған ветеринариялық ұйымның атауы)

Сіздің 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ өтінішіңізді қарап, келесіні хабарлайды.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(бас тартуға негіздеме)

\_\_\_\_\_

(қол қоюшының лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы / электрондық цифрлық қолтаңба)

Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру

\_\_\_\_\_

(облыстың, республикалық  
маңызы бар қаланың, астананың  
жергілікті атқарушы органы  
құрған ветеринариялық  
ұйымның атауы)

кімнен \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты, әкесінің  
аты( бар болса), тегі, жеке  
сәйкестендіру нөмірі/заңды  
тұлғаның атауы, бизнес-  
сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы \_\_\_\_\_

### **Өтініш**

**Ескерту. 7-қосымша алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің  
02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ауыл шаруашылығы жануарларын  
бірдейлендіру қағидаларына  
8-қосымша

Нысан

Кімге \_\_\_\_\_

(облыстың, республикалық маңызы  
бар қаланың, астананың жергілікті  
атқарушы органы құрған  
ветеринариялық ұйымның атауы)

кімнен \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты( бар болса),  
тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі/  
заңды тұлғаның атауы, бизнес-  
сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы \_\_\_\_\_

### **Өтініш**

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беруіңізді сұраймын.

Ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Байланыс телефондары \_\_\_\_\_ Электрондық мекенжайы (бар болса)

\_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын, заңмен

қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға,

өңдеуге келісім беремін.

Көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің қолы/электрондық цифрлық қолтаңбасы

\_\_\_\_\_

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Күні \_\_\_\_\_

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

9-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.04.2026 № 151 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауыл шаруашылығы жануарларын  
бірдейлендіру қағидаларына  
9-қосымша

Нысан

Берді/Выдан \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құрған ветеринариялық ұйымның атауы / наименование ветеринарной организации, созданной местным

## Ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме Выписка из ветеринарного паспорта

Ескерту. Қағидалар 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 02.02.2023 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ / № \_\_\_\_\_ от " \_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года.

Ауыл шаруашылығы жануары иесінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе атауы, жеке сәйкестендіру

нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі /Фамилия, имя, отчество (при наличии) или

наименование владельца сельскохозяйственного животного, индивидуальный идентификационный

номер или бизнес-идентификационный номер \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы жануары иесінің мекенжайы/Адрес владельца сельскохозяйственного животного

Ауыл шаруашылығы жануарының түрі/Вид сельскохозяйственного животного

Ауыл шаруашылығы жануары туралы деректер/Данные о сельскохозяйственном животном:


Р/с №	Ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірі/Индивидуальный номер сельскохозяйственного животного	Жынысы / Пол	Түсі /Масть	Аты /Кличка	Жасы (Бірдейленді туған күні) / Возраст (Способ идентификации)	Малдың тегі туралы деректер (асыл тұқымды жануар үшін)* / Данные о родителех (для племенного животного)*

Берілген күні 20 \_\_ жылғы \_\_ \_\_\_\_\_ /Дата выдачи \_\_ \_\_\_\_\_ 20 \_\_ год

Электрондық құжаттың түпнұсқалығын Сіз egov.kz сайтында, сондай-ақ " электрондық үкімет"

веб-порталының мобильді қосымшасы арқылы тексере аласыз.

Проверить подлинность электронного документа Вы можете на [egov.kz](http://egov.kz), а также посредством мобильного приложения веб-портала "электронного правительства".



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Бұл құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 Закона Республики Казахстан "Об электронном

документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Ескертпе/ Примечание:

\* асыл тұқымды жануарлардың жеке нөмірі/индивидуальный номер племенных животных.